

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание
ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

chest-175-letiya-abaya-kunanbayuly-pravitelstvom-zaplanirovano-provedenie-poryadka-500-razlichnyh-meropriyatiy.

2. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. - Алматы: Мектеп, 2007.-248б.

3.«Бүгінгі Абайтану». Асан Қайырбекұлы Омаров.Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей, «Интеллект»,2011-262бет.

4. Мырзахметұлы М. Абайтанудың бүгінгі міндеттері.// «Абай», №4, 2005

5. Жәлелұлы О. Харекет. Алтын кітап баспасы.2018.

ӘОЖ 159.972

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДАМУ

Жүсіпбек Дилара Жандосқызы

enu.fsn@mail.ru

Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 5B012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 4 курс студенті.

Ғылыми жетекші – Т.С. Сламбекова

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның психологиялық денсаулығының орны мен рөлі айрықша бөлек. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы басты назарда. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде денсаулық сақтау мәселелерінің қарастырылуы осының дәлелі. Мәселен, халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы заңда «денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік салауаттылық жағдайы» делінген [1]. Адамның психологиялық проблемаларының алдын алу, оларды шешу, өмірдегі қиын және дағдарысты жағдайлар мен олардың салдарын еңсеруіне психикалық және соматикалық денсаулықты қолдау, психикалық дамуын оңтайландыру, өмір сүруге бейімдеу және оның сапасын арттыру, оның ішінде адамның жеке мүмкіндіктерін жандандыру арқылы арттыруға ықпал ететін жәрдемдесу; адамдарды психологиялық проблемалардың себептері, олардың алдын алу және оларды шешу тәсілдері туралы хабардар етуге; жеке басты дамытуға, оның өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі танытуына бағытталған іс-шаралар кешені де заңнамалық актілерінде көрініс береді [2].

Психологиялық денсаулықтың құндылығын жеткіншектерді өмірге даярлауда, мамандықты саналы таңдауда, мақсат-міндеттерін анықтауда, қоршаған ортада бейімдеуде байқауға болады. Жеке тұлғаның әлеуметтік бітім-болмысы және адами қасиеттерінің негізгі белгілерінің де жетілуі тікелей психологиялық денсаулық деңгейіне байланысты.

XX ғасырдағы психология ғылымы адамның психикалық ауытқулары мен тұлғалық дағдарыстарын зерттеуге бағытталғанымен, психикалық және

психологиялық денсаулық назардан тыс қалған. Тек XX ғасырдың екінші жартысында психологияда гуманистік және трансперсоналды бағытарын ұсынған Г.Олпорт, А.Маслоу, К.Роджерс, С.Гроф және т.б. ғалымдардың еңбектерінде адам тұлғасының толыққанды дамуының негіздері зерттелген. Оның нәтижесі адам денсаулығының әлеуметтік-мәдени және психикалық аспектілерін зерттейтін жаңа ғылыми бағыт – денсаулық психологиясының қалыптасуына әкелген [3].

Бүгінгі XXI ғасыр ғылымында тұлға теориясы Б.С.Братусь, В.Я.Дорфман, Е.Р.Калитеевская, Ю.М.Орлов, Д.А.Леонтьев сынды ғалымдар еңбектерінде психикалық және психологиялық саулық мәселелеріне назар аударған [4].

Адамдардың денсаулығын жақсарту туралы мәселелер ерте уақытта да адамзатты қызықтырған. Оған Әбу Насыр әл-Фараби, М. Қашқари, Х.А. Ясауи, М.Х. Дулати және т.б ғалымдардың шығармашылығы дәлел бола алады. Мықты ойшылдарымыздың шығармаларында денсаулыққа мән беру керектігі, өмірді салауатты сүру қажеттілігі сынды тақырыптар қозғалған. Демек, адамзаттың қай заманда болсын өз денсаулығына, соның ішінде психологиялық денсаулығын дамытуына көңіл бөлгендігін А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин, М.Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов сынды зиялылар құнды еңбектерінен байқауға болады.

Денсаулық – психология, психотерапия, психиатриядағы әлі де толық зерттелмеген мәселе. Денсаулық туралы ұғым ерте кезден көптеген оқымыстылардың зейінін аударған (мысалы, Эпикур, Цицерон), ал біздің заманымызда З.Фрейд, А.Адлер, А.Маслоу, П.Б.Ганушкин, А.Е.Личко, Б.С.Братусь және т.б зерттеуіне ілінген. Денсаулық норма мен патология, саулық пен науқас қалыптарын салыстырмалы анықтауда шешуші көрсеткіш ретінде алынған [3].

Денсаулық ұғымында берілген анықтамалар өте көп. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) анықтамасы және «Медициналық терминдердің энциклопедия сөздігі» бойынша, денсаулық – физикалық ауытқулар мен аурудың жоқтығын ғана білдірмейді, сонымен қатар, толық физикалық, рухани, психикалық және әлеуметтік жетістік, сәттілік қалпы. Денсаулықтың жоғары деңгейіне ие болу – әр адамның нәсіліне, діни және саяси көзқарастарына, экономикалық және әлеуметтік жағдайына тәуелсіз негізгі құқығы. «Денсаулық» түсінігі функционалды жүйелер (қанайналым, асқорыту және т.б) мен дене мүшелерінде аурумен байланысты өзгерістердің болмауын көрсететін ағзаның қалпы деп анықталады [5].

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының анықтамасы негізінде денсаулықтың түрлері:

Физикалық денсаулық – онтогенетикалық дамудың түрлі кезеңдеріндегі қажеттіліктерге байланысты биологиялық жеке даму бағдарламасына негізделген адамның денесінің және оның мүшелерінің ағымдағы жүйелердің қазіргі жағдайы. Бұл қажеттіліктер адам дамуының бастапқы механизмі болып табылады және оны даралау процесін қамтамасыз етеді. Физикалық денсаулық – мүшелер мен организм жүйелерінің өсуі мен дамуының деңгейі.

Психикалық денсаулық – жан тыныштығына негізделген мінез-құлық реакциясын қамтамасыз ететін психикалық саладағы жағдай.

Рухани денсаулық – адамның қоғамдағы құндылықтарын, өзінің көзқарастарын, мотивтер жүйесін анықтайтын күрделі мотивациялық және өмірлік танымдық талаптарының кешенді сипаттамасы. Рухани денсаулық ретінде көп жағдайда адамгершілік құндылықтарын есепке аламыз, ол ізгілік, махаббат, сұлулық сынды жалпыадами құндылықтармен байланысты.

Әлеуметтік денсаулық – әлеуметтік белсенділікпен, аданың қоршаған әлемге деген белсенділігімен байланысты. Өзге адамдармен тең қарым-қатынас жасауы, әлеуметтік ситуацияларға талаптануы, әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды ұстануы, әлеумет ортасымен үйлесімділікте болуға тырысуы. Әлеуметтік денсаулық бұл ең алдымен өзін қоғамның бір бөлшегі ретінде сезіну, қоғамды өз жетістіктерін сезіну [3].

Психологиялық денсаулықты қарастырмас бұрын, «денсаулық» түсінігін нақтыладық. Сонымен қатар «психикалық денсаулық» түсінігі де жіктеуді талап етеді.

Психологиялық денсаулықтың объектісі – «науқас» емес «дені сау» тұлға болып табылады. Освальд Шварц психологиялық денсаулықты толығымен «сау» адамның әл-ауқатын жақсарту деп атады. «З.Фрейд психологиялық ауруға шалдыққан бөлікті ұснып отыр, бірақ біз оны сау бөлікпен толықтыруымыз керек», - дейді Маслоу [5].

Психикалық денсаулық – бұл адам өзінің қабілеттерін жүзеге асыратын, қарапайым өмірлік стресстерге төтеп бере алатын, тиянақты жұмыс істейтін және қоғамдастыққа өз үлесін қоса алатын жақсы жағдай.

Психикалық денсаулық сипатталады:

- психикалық немесе психосоматикалық аурулардың болмауы;
- психиканың жас ерекшелігінің дамуы;
- қолайлы функционалдық жағдайы;

Қолайлы психикалық жай-күйі адамның алдында өмір сүрудің әртүрлі салаларында тұрған міндеттерді тиімді орындауын қамтамасыз ететін және жас мөлшеріне сәйкес келетін сипаттамалар мен функциялардың кешені ретінде қарастырылады.

Психологиялық денсаулық – жеке тұлғаны жалпы сипаттайды (жеке психикалық процестер мен механизмдерге қатысы бар «психикалық денсаулыққа» қарағанда).

Психикалық денсаулыққа жатады:

- психикалық даму жағдайы, психикалық жайлылық;
- әлеуметтік мінез-құлық;
- өзін және басқаларды түсіне білу;
- қызметтің даму әлеуетін толығымен іске асыру;
- таңдау жасай білу және оған жауапкершілік көрсету;

Психологиялық денсаулықтың екі негізгі бөлімі бар:

1. Адамның жағымды көңіл-күйі келесі шарттармен жасалады:

- тыныштық;
- өз күшіне сенімділік;

- шабыт, болашаққа сенімділік.

Жеткіншектіктік жас деп – балалық шақ пен үлкен өмірге қадам басу арасында болатын өтпелі кезеңді айтамыз. Адам даму барысында бұл жас аралығына аса көңіл бөлу ежелден қалыптаспаған. Филипп Ариес жеткіншектік кезең түсінігі XIX ғасырдың соңында ғана пайда бола бастады деген тұжырымдама жасады. Осы уақыттан бастап әдебиеттердегі маңызды тақырып ретінде жеткіншектік жас қозғалады дейді. Өтпелі кезеңнің пайда болу себебі үлкендік өмірге дайындық кезеңнің қажеттілігінен туындады деп пайымдайды. Қоғамның әлеуметтік және технологиялық ұйымдары үлкен өмірге қадам басу алдында тағы да бір кезеңнің керектігін айтады [6]. Бұл әсіресе, жеткіншектік кезеңде салауатты өмір салтын қалыптастыруда аса маңызды.

Кеңестік кезеңнің психологі Д.Б.Эльконин жеткіншектік кезеңді екіге бөліп қарастырады:

- ерте жеткіншектік кезең (12-14 жас)
- кеш жеткіншектік кезең (15-17 жас)

Біріккен Ұлттар Ұйымының деректеріне сүйенсек 2011 жылы дүние жүзі бойынша жеткіншектердің саны миллиардтан асып жығылған [7]. Олардың ішінде 10-19 жас аралығындағы азаматтар қарастырылған. 10-14 жас аралығындағы балаларды ерте жеткіншектер деп, ал 15-19 жас аралығындағы балаларды кеш жеткіншектік кезеңге жатқызған. Қазіргі таңда жеткіншектерге қатысты «тинейджер» сөзі көпшілікке таныс. Ол ағылшын тілінен аударғанда «teen» 13-тен 19-ға дейін санау барысындағы сандардың құрамдас сөз бөліктерін білдіреді. Ал «age» сөзі «жас» деген мағынаны береді. Яғни 13 пен 19 жас аралығындағы жасөспірімдер осы тинейджер ұғымына сәйкес келеді. Д.Б.Эльконин өз еңбектерінде жеткіншектік кезең көптеген қарама-қайшылықтарға толы деп жазады. Бұл кезеңдегі жасөспірімдердің бойында өзін ересек сезіну, ересек адамдарға тән тенденция байқауға болатынын айтады. Қоршаған орта тарапынан ересек болуға деген қарама-қайшылықтар болса да, жеткіншек өзін кішкентай бала ретінде көргісі келмейтіні жөнінде айтады. Бұл кезең өтпелі болғандықтан, жеткіншек есейіп ересек бола алмайды әрі өзін кішкентай бала санағысы келмейді. Ғалымда жеткіншектік кезеңнің қарама-қайшылықтарын осылай түсіндіреді. Бұл қарама-қайшылықтар жеткіншектердің психологиялық денсаулығын дамытуына да әсер етеді.

Жеткіншек жас кезеңінде баланың бойында қалыптасқан қасиеттермен қоса, жаңа сапалар дамиды бастайды. Сол себептен, баланың бойына физиологиялық және психологиялық көріністерге жаңа сапа қосылып, ішкі қарама-қайшылық туындайды. Мысалы, өмірде орындайтын әлеуметтік рөлін, өміре қызығушылығының төмендеуі, қоршаған ортамен қарым-қатынасының төмендеуі барысында, жеткіншек өз орнын іздейді. Осы кезден жеткіншектің психологиялық денсаулығына аса мән беруіміз қажет.

Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын нашарлататын қауіпті белгілер:

- өмірге қызығушылықты жоғалту, жабырқау;

- күнделікті істерді орындауда қиналу;
- қауіпті мінез-құлық;
- шаршау;
- ұйқысыздық пен тәбетінің жоғалуы;
- ішімдік пен есірткіні тұтынуы.

Жеткіншектердің психологиялық денсаулығына әсер ететін қауіпті белгілердің алдын алу үшін жеткіншекті әлеуметтік ортаға бейімдеу, өмірге қызығушылығын, күнделікті істерді қиналмай атқаруға қабілетті жоғарылату, белсенді, стресстік жағдайларды меңгеруге және одан шығуға резервті күші бар, ақиқатты шынайы түрде қабылдауын дамыту қажет.

Психологиялық денсаулықтың адамның толық әл-ауқатына қол жеткізу үшін барлық компоненттерінің үйлесімді дамуының маңыздылығын көрсетеді.

В.А. Ананьев психологиялық денсаулықтың негізгі міндеттерін көрсететін «Әлеует гүлі» адам дамуының оқу бағдарламаларын ұсынады. Бұл бағдарлама жалпы мағынасы, идеологиялық мақсаттары мен технологиялары арқылы бір-бірімен байланысты теориялық және практикалық идеялар жүйесі.

Бағдарлама гүлдің түрінде бейнеленген, оның жеті жапырағы адамның психикалық, физикалық және әлеуметтік денсаулығының түрлі аспектілерін көрсететін өзара байланысты потенциалдардың үлгісін құрайды. Әрбір әлеует өзіне маңызды және өзгелерге әсер етеді. Адам денсаулығы мен әл-ауқатына ұмтылатын болса, олардың ешқайсысына назар аударуға болмайды.

1. Мүмкіндіктің әлеуеті (денсаулықтың зияткерлік аспектісі): адамның интеллектуалды дамуы және оны пайдалану мүмкіндігі объективті білім алу және оларды іске асыру мүмкіндігі. Бұл құзыретте негізгі көзқарастар, құндылықтар, сенімдер, өмірдің метафоралары, жеке ойлар бар. Бұл құзыреттілікті дамыту интеллектті пайдалану қабілетін білдіреді. Негізгі міндет - өзіңіздің біліміңізден азаптауға болмайды, бірақ өзіңіздің жетілдіру үшін бұл құралды бейімдеуді үйреніңіз.

2. Ерікті ықтимал (денсаулықтың жеке аспектісі): ерікті құзыреттілікті дамыту шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруды, «жоқ» деп айта білуді, өзіне өзі қарсы тұруды, өздері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуды, олардың әрекеттерін, таңдауын қамтиды. Өмірдің мақсаттарын өмірдің мағынасына біріктіріп, өмірдің тактикалық және стратегиялық мақсаттарын белгілеу дағдыларын дамыту маңызды. Жағдайдың өзін-өзі басқаруына жол бермеуді үйрену маңызды, бірақ кез-келген жағдайда өзін-өзі басқару. Адам қызметінің қайнар көзі - кез-келген потенциалды ашуға көмектеседі.

3. Сезімдердің потенциалы (денсаулықтың эмоционалдық аспектісі): бұл әлеуетті дамыту эмоцияларды тану, оларды тану, оларды реттеу, оларды басқару мүмкіндігін қамтиды.

4. Дененің әлеуеті (денсаулықтың физикалық қыры): дененің білімі, дене тілін меңгеру - «ертерек ескерту жүйесі», бұлшықет қысқыштарын жою және

бақылау мүмкіндігін дамыту, тұрақты, икемді, өздігінен болу; психосоматикалық өзін-өзі реттеу әдістерін игеру: спорт, би.

5. Әлеуметтік әлеует (денсаулықтың әлеуметтік аспектісі): адамдар мен топтар арасындағы қақтығыстарды шеше алмау антисоциальлық және антицициалды мінез-құлықтың қозғаушы факторы бола алады. Әрбір адамның байланыс орнату дағдылары болуы керек, басқа біреудің проблемаларына сену қабілеті, басқа біреуді тыңдау. Адамның бақыты негізінен өзімен, басқалармен және бүкіл әлеммен қатынастарды тереңдетуден және кеңейтуден тұрады. Адамдар арасында «сау» байланыс болуы мүмкін, егер әріптестер адал, бейресми қарым-қатынаста болса, өздерінің ішкі әлемін ашып, ресурстармен (уақыт, ақша, ақпарат, сезім) өзара тиімді түрде алмасуы мүмкін.

6. Шығармашылық әлеуеті (денсаулықтың шығармашылық аспектісі): бұл тұлғаның дамуындағы, оны өзгертуге дайындықты, стереотиптерді еңсерудің маңызды факторы. Шығармашылық өмір үшін өзгелердің көзқарасынан бостандық пен еркіндік шарттары қажет. Жеке тұлғаның шығармашылық бөлігіне сенімділікті дамыту, оны осы қызметтегі еркіндік беру, түпнұсқа идеяларды қалыптастыруды үйрену, өз ойларының өнімі бойынша соңғы көрініс беру.

7. Рухани әлеует (денсаулықтың рухани жағы): рухани потенциалды сүйіспеншілік, сенім, үміт пайда болатын барлық адамдарға қол жеткізудің атмосферасын құру арқылы анықтауға болады. Өзіне, көршісіне және бүкіл дүниеге деген сүйіспеншіліктің жоғары деңгейін сезіну тәжірибесін беру [8].

Қорытындылай келе, жеткіншектердің психологиялық денсаулығының дамуына «Әлеует гүлін» ұсынамыз. Оқу жоспары мағынасы, идеялық мақсаттары мен технологиялары өзара байланысты теориялық және практикалық өкілдердің органикалық интегралдық жүйесі болып табылады. Бағдарлама гүл түрінде бейнеленген, оның жеті жапырағы адамның психикалық, физикалық және әлеуметтік денсаулығының түрлі аспектілерін көрсететін өзара байланысты әлеуеттердің үлгісін құрайды. Әрбір әлеует өзіне маңызды және өзгелерге әсер етеді. Адам денсаулығы мен әлеуетіне ұмтылатын болса, олардың ешқайсысына назар аударуға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы». Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексі. Алынып тасталынды - ҚР 30.06.2017 № 80-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді).

2. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша 2015 жылғы 6 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулар.

3. Унарбекова Н. Д. Тұлғалық психологиялық денсаулығы: Монография – Өскемен С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012, -156 бет.

4. Васильева О. С., Филатов Ф. Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки: Учеб.пособие.-М.: «Академия», 2001.-352с.
5. Жарықбаев «Жантану негіздері» Алматы, 2002 жыл.
6. БҰҰ Мәскеудегі ақпарат орталығы – Пресс-бюллетень, 20.09.2012 ж.
7. Стейнберг Л. Переходный возраст. Зарубежная прикладная и научно-популярная литература, 2014 жыл.
8. Ананьев В. А. Концептуальные основы психологии здоровья.-СПб.:Речь 2006.-384 с.

ӘОЖ 159.922

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН ПАЙДАЛАНУ

Князгалиева Аяулым

6B01201-«Мектепке дейінгі тәрбие жән оқыту» мамандығының
студенті Нұр-Сұлтан қ. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(araylym.zharymbet@mail.ru)

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., ӘП ӨӨТ кафедрасының профессоры
Н.П.Албытова

Елдің әлемдік кеңістікке енуі, соның салдарынан тұлға дамуында түбегейлі өзгерістердің көрініс табуы әр ұттың өз тарихына, әдебиетіне, тіліне, діні мен тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауға негіз болып отыр. Осыдан адам болмысының табиғатына үнілу, оның рухани дүниесі мен жан әлеміндегі сырын ашу, қоғамдық қарым-қатынастарды зерделеу тәрбиенің басты қағидасы саналады. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінің білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер рухани жаңғыру мәселесін басты нысанда ұстайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. ... Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын [1].

Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасында: «Тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы – "Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту" және "Ұлы даланың жеті қыры" атты бағдарламалық мақалалары құрайды. "Туған елге тағзым" жалпыреспубликалық экспедициясын қамтитын "Ұлы дала мұрагерлері" жобасы, "Тарих тағылымы" (қалалар мен ауылдардың, көшелердің тарихын